

2017 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Науырзым ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 маусымдағы № 116 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 шілдеде № 7130 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 3-тармағына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Науырзым ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 15 мамырдан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Т. Даиров

Науырзым ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 27 маусымдағы
№ 116 қаулысына қосымша

2017 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Науырзым ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері
ІІІ құрғақ дала аймағы	
Жұмсақ жаздық бидай	2017 жылғы 15 мамырдан 31 мамырға дейін
Арпа	2017 жылғы 15 мамырдан 5 маусымға дейін
Сұлы	2017 жылғы 15 мамырдан 5 маусымға дейін
Қарақұмық	2017 жылғы 20 мамырдан 5 маусымға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК